

2022 жылдың 28 қазаны күні математика пәнінің мұғалімі Ахметова Д. Д. интернет қызметтерін қолдана отырып, құжаттарды құру, өзгерту және қарастыруда бірлесе жұмыс істеу мақсатында мұғалімдерге арналған «Мұғалім жұмысындағы бұлтты серверлер» атты мастер-класс өткізді. Мұғалімдерге: «Бүгінгі таңда деректерді жойылып кетуден сақтаудың қандай сенімді әдістерін білесің?», «Өзіңнің деректеріңді әлемнің кез келген түкпірінде өңдеудің қандай мүмкіндіктері бар?» атты түрткі сұрақтарды қарастыру арқылы, бұлтты серверлердің түрлері қарастырылды. Бұлтты серверлердің жұмыс барысында «флеш-дискілерсіз» ақпаратты тасымалдауының, ақпаратты ұзақ мерзімге сақталуының артықшылықтары айтылды.

